




ҚҰРЫЛЫСШЫЛАРДЫҢ ЖАУАПТЫ ЖҰМЫСЫ

"Сыртқы энергетикалық инфрақұрылымды реконструкциялау" жобасы

Тамыз айының екінші жексенбісінде елімізде кәсіби мерекелердің бірі – Құрылысшылар күні атап өтіледі. Кез келген өндірістің тынысы мен болашағы оның инфрақұрылымына, жаңадан бой көтерген нысандары мен жаңартылған желілеріне тікелей байланысты. Атырау мұнай өңдеу зауытының үздіксіз әрі қауіпсіз жұмыс істеуінде Күрделі құрылыс департаментінің және олармен тығыз жұмыс істейтін Жобалау-конструкторлық орталығының маңызы ерекше.

Мереке қарсаңында Күрделі құрылыс бөлімінің бастығы Алмат Мутиевпен және Жобалау-конструкторлық орталығы бастығының жобалау жөніндегі орынбасары Есенбол Сабировпен сұхбаттасып, зауыт құрылысшыларының тыныс-тіршілігі, өндірістік құрылыстың қыр-сыры және жүзеге асып жатқан ірі жобалар туралы әңгімелескен едік.

КҮРДЕЛІ ҚҰРЫЛЫСТЫҢ КҮНДЕЛІКТІ ЖҰМЫСЫ

– Егер Атырау мұнай өңдеу зауытын тірі организм деп елестетсек, Күрделі құрылыс департаменті оның қай ағзасы болар еді?

– Сөзсіз, бұл департаментті зауыттың иммунитеті деп айтар едім. Өндірістік нысандар уақыт өте келе тозады, қайта қалпына келтіруді қажет етеді. Ондай сәтте біз оның «бойына қуат дарытып», ғимараттар мен инженерлік желілерді жөндеп, қайта жаңғыртамыз. Ал зауытты дамыту қажеттілігі туғанда, жаңа нысандар бой көтеріп, кәсіпорынды бұрынғыдан да мықты, сенімді әрі заманауи ете түсеміз.

– Зауыт құрылысшылары туралы ең жиі айтылатын, бірақ сіз келісе бермейтін миф қандай?

– Ең жиі кездесетіні – зауыттағы құрылысшының жұмысы аса қиын емес, көп күшті талап етпейді деген түсінік. Шын мәнінде, әрбір нысанның артында орасан зор инженерлік еңбек тұр: техникалық шешімдерді әзірлеу, жобалау, келісу, сапаны бақылау, өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарын сақтау және ондаған мамандардың жұмысын үйлестіру. Мұнай өңдеу зауытындағы құрылыс – бұл ерекше жауапкершілік. Әрбір нысан мұқият сарапталып, қолданыстағы өндірістің технологиялық процестеріне нұқсан келтірмей, қауіпсіз кіріктірілуі тиіс. Сол себепті жұмысымыздың басым бөлігі көзге көріне бермейді, бірақ болашақ нысанның сенімділігі мен қауіпсіздігін айқындайтын да – осы жасырын еңбек.

– Қарапайым тұрғын үй салу мен мұнай-химия зауытында нысан тұрғызудың айырмашылығы неде?

– Айырмашылық өте үлкен. Тұрғын үй тұрғызу – азаматтық құрылысқа, ал мұнай өңдеу зауытының нысандары – өнеркәсіптік құрылысқа жатады. Бұл жерде жобалауға, құрылысқа және пайдалануға қойылатын талаптар өте қатаң, өйткені сөз қауіпті өндірістік нысан туралы болып отыр. Оның үстіне, жұмыстардың басым бөлігі тоқтаусыз жұмыс істеп тұрған өндіріс жағдайында жүргізіледі. Ағымдағы технологиялық процестерді ескеру, өнеркәсіптік, өртке қарсы және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету – басты талап. Кез келген қателік адамдардың қауіпсіздігі мен өндірістің ырғағына әсер етуі мүмкін. Сол себепті біздің салада жоғары біліктілік пен кешенді инженерлік тәсіл қажет.

– Жаңа нысанның қағаздағы алғашқы идеядан бастап қолданысқа берілгенге дейінгі жолын толық сипаттап берсеңіз

– Бәрі де зауытқа жаңа нысанның қажеттілігінен басталады. Бұны баланың конструктордан жаңа машина құрастырғысы келгенімен салыстыруға болады. Алдымен ол машинаның қандай болатынын және не үшін керектігін түсініп алуы керек.

Алғашқы кезеңде Жобалау-конструкторлық орталықтың жұмысы маңызды. Олар идеяны техникалық тапсырмаға, алғашқы сызбалар мен жобалық-сметалық құжаттамаға айналдырады. Содан соң біз жобалауға тапсырма әзірлейміз, жұмыс көлемін айқындап, жобаның құнын есептейміз және корпоративтік процедуралардан өтеміз. Бұдан кейін жобалау-барлау жұмыстарына төндер ұйымдастырып, оны мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысын алғанға дейін сүйемелдейміз.

Келесі кезең – құрылыс-монтаждау жұмыстарына мердігер таңдау. Мердігер анықталған соң құрылыс басталады. Біз бұл ретте құрал-жабдықтардың жеткізілуін, іске қосу-реттеу жұмыстарын және қауіпсіздік талаптарын толық бақылаймыз.

Құрылыс аяқталғанда нысан қабылдаудан өтіп, пайдалануға беріледі. Қысқаша айтқанда, біз идея туған сәттен бастап, дайын нысанды эксплуатациялық персоналға тапсырғанға дейінгі барлық жолда бірге боламыз.

(Басы. Жалғасы 2-бетте)

Ночной директор завода



Мереке күнтізбеде емес,
жүректе

Құрылысшылардың жауапты жұмысы

(Жалғасы. Басы 1-бетте)

– Департаменттің құрылымына тоқтала кетсеңіз

– Департамент екі құрылымдық бөлімнен тұрады: Күрделі құрылыс бөлімі және Жобаларды техникалық сүйемелдеу бөлімі.

Жобаларды техникалық сүйемелдеу бөлімі бастапқы деректерді дайындауға, жобалауды ұйымдастыруға, сараптамадан өткізуге және жобалау ұйымдарымен өзара іс-қимылға жауап береді. Бөлімде 7 маман еңбек етеді.

Күрделі құрылыс бөлімі құрылыс алаңындағы жұмыстарды тікелей үйлестіреді, мердігерлермен жұмыс істейді, мерзім мен сапаны бақылайды. Мұнда 12 маман бар.



Жобалау-конструкторлық орталығы



Күрделі құрылыс департаменті

Жалпы департаментте директорды қосқанда 20 маман еңбек етуде. Осы шағын, бірақ ынтымағы жарасқан ұжымның арқасында зауыттың дамуын қамтамасыз ететін үлкен жобалар жүзеге асып жатыр.

– Зауытта жұмыс істеу барысында жүзеге асқан ең ірі немесе ең шағын жобалар туралы не айта аласыз?

– Бұл тұрғыда біздің жұмысымыздың ең ерекше тұсы – жобалар көлемінің сан алуандығында дер едім. Яғни біз бір метрде өте шағын да, өте ауқымды да міндеттерді қатар атқарамыз.

Қазіргі уақытта бір жағынан Зауыт басқармасы ғимаратының ішкі бөлмелерін ағымдағы жөндеуден өткізу сияқты 12,7 миллион теңгелік жобаны

сүйемелдесек, екінші жағынан зауыттың ең ірі инвестициялық жобаларының бірі – құны 90 миллиард теңгеден асатын Кокс камералары блогының құрылысы бойынша сатып алу процедураларын жүргізіп жатырмыз.

Бұл жоба баяу кокстөу қондырғысының тозығы жеткен жабдықтарын ауыстыруға, өнеркәсіптік қауіпсіздік пен сенімділікті арттыруға бағытталған. Міне, салыстырмалы түрде шағын жөндеу жұмыстарынан бастап, стратегиялық көпмиллиардтық жобаларға дейінгі мұндай алшақтық пен масштаб біздің департаменттің жұмысын ерекше әрі қызықты етеді. Жобаның ауқымына қарамастан, біз оны барлық кезеңде

сүйемелдеп, түпкілікті нәтижеге толық жауап береміз.

– Тапсырылған әрбір нысанның артында...дегенді қалай жалғастыра бересіз?

– Тапсырылған әрбір нысанның артында жүздеген бет жобалық құжаттама, мыңдаған инженерлік шешім, ондаған өндірістік кеңес және зауыт аумағында жасалған миллиондаған қадам мен сансыз шыны аяқ кофе де бар (күліп). Ал жалпы құрылысшының ең басты құралы – оның білімі, тәжірибесі мен инженерлік ойлау қабілеті. Заманауи техника тек көмекші құрал, ал түпкі нәтижені адамдардың кәсібилігі айқындайды.

– Құрылысшылар басқа мамандарға қарағанда зауытқа басқаша көзбен қарайтын секілді. Зауыт ішінде жүріп, нысандарды көргенде қандай ойда боласыз?

– Біз зауытқа басқаша қарайтынымыз жасырын емес. Аумақты аралап бара жатып, ғимаратқа емес, оның қалай салынаанына қараймыз: «Мына нысанды аптап ыстықта құйған едік», «Мына құрылыста мердігер түнімен жұмыс істеді», «Мына жерде қыстың қақаған аясында техникалық шешім іздедік» деген сияқты естеліктер оралады.

Әрбір ғимарат пен құбырдың артында тек бетон мен металл емес, сол үшін тер төккен адамдардың еңбегі, қиындықтарды бірге еңсеген сәттер тұр.

ЖОБАЛАУ-КОНСТРУКТОРЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ РӨЛІ МЕН ТЫНЫС-ТІРШІЛІГІ

– ЖКО туралы ең маңызды деген деректерді атаңызшы десе не айтар едіңіз?

– Жобалау-конструкторлық орталықтың негізгі қызметі – мұнай өңдеу зауытының өндірістік нысандары үшін жобалау-конструкторлық және жобалау-сметалық құжаттамаларды әзірлеу, технологиялық қондырғыларды жаңғырту, реконструкциялау және техникалық қайта жарақтандыру жобаларын дайындау, күрделі жөндеу жұмыстарына инженерлік сүйемелдеу көрсету, инженерлік желілер мен құбырларды көшіру жобаларын әзірлеу, сондай-ақ өндірістік үдерістерді жетілдіруге бағытталған техникалық шешімдерді дайындау. Мұндай жауапты жұмыстарды орталықтың 30 қызметкері атқарады.

– Жобалау-конструкторлық орталығы болмаса зауыттың жұмысы қалай болар еді?

– Жобалау-конструкторлық орталығысыз (ЖКО) зауыттың толыққанды әрі тиімді жұмыс істеуі қиын. Себебі орталық өндірістік нысандарды жаңғырту, реконструкциялау, техникалық қайта жарақтандыру және күрделі жөндеу жұмыстарына қажетті жобалау-сметалық құжаттамаларды әзірлейді. Сондықтан ЖКО зауыттың үздіксіз, қауіпсіз және тиімді жұмыс істеуіне тікелей ықпал ететін маңызды құрылымдық бөлімше дер едім.

– Жұмыстағы ең «жақын достарыңыз» не?

– Біздің ең жақын достарымыз – компьютер, AutoCAD бағдарламасы, сызбалар, нормативтік құжаттар, қарындаш және калькулятор. Олар жобалаушының күнделікті жұмысында үнемі бірге жүретін негізгі жұмыс құралдары. Дегенмен, кез келген жобаның сапасы мамандардың біліміне, тәжірибесіне және жауапкершілігіне байланысты.

– Әріптестеріңізге кәсіби мерекеде не тілейсіздер?

– Барша әріптесті Құрылысшылар күнімен құттықтаймыз! Дендеріне саулық, отбасыларына амандық, жаңа кәсіби табыстар тілтейміз. Біздің еңбегіміз зауыттың ертеңгі болашағы үшін аса маңызды. Атқарған істеріңізді әрдайым мақтаныш етіңіздер. Мерекелеріңізбен!

МЕХАНИЗМЫ ПРОИЗВОДСТВА

«Невидимые артерии» завода

Совсем недавно на страницах нашей газеты мы рассказывали о буднях токарного участка ремонтно-механического цеха. Тогда мы погрузились в атмосферу обработки металла, увидели знаменитый карусельный станок BETTS 1945 года выпуска и познакомились с настоящими мастерами своего дела. Как и обещали, сегодня мы продолжаем экскурсию по ключевым подразделениям предприятия и отправляемся в цех по ремонту насосно-компрессорного оборудования и запорно-регулирующей арматуры.

Если представить Атырауский нефтеперерабатывающий завод как огромный живой организм, то этот цех без преувеличения можно назвать его «сердцем» и «кровеносной системой».

Круглосуточно, без остановки ни на секунду, по заводским коммуникациям текут сотни тонн сырья и готовой продукции. И именно специалисты этого цеха обеспечивают безупречную надежность этого движения: они обслуживают и ремонтируют пружинно-предохранительные клапаны, насосы и запорную арматуру. Благодаря их преданной работе клапаны выдерживают любые нагрузки, держат нужное давление и гарантируют, что технологические потоки завода будут идти строго по заданному маршруту – безопасно и без единого сбоя.

Если на мгновение представить остановку этого подразделения, пульс всего завода замрет, а производство потеряет свой ритм. Именно поэтому перед коллективом из более чем 40 человек стоит единая и непреложная цель – высочайшее качество и безопасность.

С первых шагов по цеху вас окружает особая атмосфера: ни с чем не сравнимый запах металла, машинного масла и размеренный ритм работающих станков. Это настоящая «музыка» производства. Наряду с современным оборудованием здесь бережно эксплуатируются станки, которым уже более 50 лет.

Несмотря на солидный возраст, эти рабочие «ветераны» до сих пор в строю и точно выполняют операции

по радиальной обработке и сверлению самых ответственных деталей.

Основное направление работы цеха – ремонт и обслуживание предохранительных и пружинных клапанов, а также обеспечение идеальной герметичности запорной арматуры. Каждая отрегулированная пружина и каждый притертый клапан – это надежный щит против высокого давления в заводских технологических установках.

Главная ценность цеха – это люди и их уникальное мастерство.



«За годы работы на заводе начинаешь чувствовать оборудование почти интуитивно, – делится начальник насосно-компрессорной группы Ермек Мухиев, работающий здесь с 1991 года. – Нашим опытным мастерам порой достаточно просто прислушаться: по едва уловимому изменению тональности гула они, не глядя, скажут, какой именно станок работает и есть ли отклонения. Подобная профессиональная чуткость не передается по учебникам – она нарабатывается годами упорного труда».

Им действительно достаточно одного взгляда на деталь, чтобы точно определить марку металла и оптимальный способ его обработки.



Коллектив цеха – это гармоничный сплав поколений. Плечом к плечу здесь трудятся ветераны, отдавшие производству более 40 лет и знающие каждый болт, и молодые специалисты, чей стаж не превышает и полугод.

В этой среде преемственность – не просто слова. Молодежи здесь в первую очередь прививают не только технические навыки, но и ключевые качества настоящего заводчанина: железное терпение, бдительность и высокую личную ответственность.

«Мы стараемся не просто передать молодежи чертежи и инструкции, а научить их главным качествам заводчанина – бдительности и ответственности за каждый собранный узел. Ведь за нашей работой стоит безопасность всего завода», – подчеркивает Ермек Мухиев.

И в жаркие дни лета, и в лютые зимние морозы специалисты цеха ставят готовность к оперативным решениям на первое место, обеспечивая бесперебойную работу заводского оборудования.

Цех по ремонту насосно-компрессорного оборудования и запорной арматуры – это не просто агрегаты и инструменты. Это более 40 пар надежных рук и зорких глаз, непрерывно контролирующих «пульс» нашего завода.

Дорогие заводчане, в следующих номерах нашей газеты мы продолжим знакомить вас с другими цехами и людьми, создающими историю АНПЗ.

ЧЕЛОВЕК ТРУДА

Ночной директор завода

Почему диспетчер первым узнает о любой нештатной ситуации и за чем спустя 30 лет работы Людмила Посохина всё ещё волнуется, когда ночью звонит телефон.

Когда ночью на заводе раздаётся тревожный звонок, первой трубку берет диспетчер. Именно сюда, в диспетчерскую, поступает информация о любых отклонениях в работе производства. Именно отсюда за считанные минуты оповещаются службы, руководители смен и специалисты. От того, насколько быстро и точно сработает диспетчер, зависит скорость принятия решений, а порой и безопасность всего предприятия. Не случайно диспетчера называют «ночным директором завода».

Людмила Владимировна Посохина работает в диспетчерской более тридцати лет, а на заводе – без малого все 40.

– Даже сейчас, когда ночью звонит телефон, первая мысль одна: «Не дай бог!...» – признается она. – Конечно, за столько лет знаешь алгоритмы действий практически при любой ситуации. Но чувство ответственности никуда не исчезает.

В ЦЕНТРЕ СОБЫТИЙ

Диспетчер – это человек, через которого проходит весь производственный ритм предприятия. На его рабочем месте сходятся десятки информационных потоков: работа технологических установок, движение сырья и готовой продукции, сообщения операторов, плановые останки оборудования и любые нештатные ситуации.

Практически на каждом производственном объекте есть памятка с номерами экстренных служб. При любой нештатной ситуации оператор обязан немедленно сообщить в пожарную службу, медпункт, службу «Семсер» и диспетчерскую завода. Если ситуация требует оперативного реагирования, именно диспетчер первым запускает систему оповещения.

– У нас есть строгие нормативы времени. Нужно быстро передать информацию по циркулярной связи, ничего не перепутать и не исказить. Каждое слово должно прозвучать точно так, как его передали нам. Здесь ни в коем случае нельзя добавить что-то от себя или, наоборот, забыть какую-то деталь, – говорит Людмила Владимировна.

Через диспетчерскую проходят и штормовые предупреждения, и сообщения об учебных тревогах. А однажды тревогу неожиданно объявили... строители.

– Во время ремонта они случайно включили общезаводскую сирену, – смеется Людмила Владимировна. – Представляете, какой переполох начался? Руководство сразу прибежало в диспетчерскую выяснять, что произошло, а мы сами ничего не понимали.

«КУДА ПАРТИЯ ПОШЛЁТ»

В Гурьев (нынешний Атырау) Людмила Посохина приехала по распределению после окончания Орского нефтяного техникума.

– На распределении меня спросили: «Куда поедешь, Люда?» Я ответила: «Куда партия пошлёт». Мне говорят: «Тогда в Гурьев». А я только улыбнулась: «Ну и поеду. Будете потом ко мне за красной рыбой и чёрной икрой приезжать».

Так, сорок лет назад, она впервые приехала в город, который со временем стал родным.

Сначала молодому специалисту предложили работу в центральной заводской лаборатории.

– Но я ведь техник-технолог, а не лаборант. Поэтому попросилась работать на установку.

Так Людмила оказалась в третьем цехе, где три года работала оператором. Уже через год ей предложили перейти в диспетчерскую. Она отказалась.

– Мне казалось, что я ещё недостаточно знаю производство. Для диспетчера этого было мало, – считает Посохина.

И только спустя несколько лет, почувствовав уверенность в своих знаниях, она согласилась попробовать себя в новой роли, когда её вновь позвали диспетчером. Она думала – временно, но как оказалось – на всю жизнь.

ПЕРВЫЙ ЭКЗАМЕН

Освоение новой профессии оказалось непростым. После десяти дней стажировки Людмилу Владимировну оставили на самостоятельное дежурство.

– Честно говоря, было страшно. От волнения меня буквально тошнило. Я



Людмила Посохина: «Ошибка даже в одной цифре может привести к серьезным последствиям. Поэтому главное в нашей работе – не ошибиться».

никак не могла сосредоточиться, нужно было подготовить сводку, а мысли путались, – вспоминает Людмила. – Выручила опытная коллега. Она увидела мое состояние, спокойно помогла разобраться с документами, объяснила, что делать. Тогда я поняла, насколько важно в нашей профессии чувствовать плечо коллег.

Эту смену Людмила Владимировна помнит до сих пор.

ОТ ТЕЛЕТАЙПА ДО ЦИФРОВОГО ЗАВОДА

За десятилетия работы профессия изменилась почти до неузнаваемости. Когда Людмила Посохина только пришла в диспетчерскую, большая часть информации обрабатывалась вручную. Каждый вечер диспетчеры готовили производственные сводки, которые через телетайп отправлялись в Москву. Для каждого вида продукции существовал собственный цифровой шифр. Все расчеты выполнялись на калькуляторах.

Сегодня большая часть данных автоматически поступает в информационные системы предприятия.

– Конечно, в каком-то смысле работать стало легче. Компьютер сам считывает показатели, формирует отчеты. Мы работаем в системе MES. И тем не менее ответственность никуда не

исчезла. Любую цифру все равно проверяет человек, – объясняет «ночной директор». – Именно диспетчер отвечает за достоверность оперативного рапорта – документа, по которому руководство оценивает работу предприятия. Ошибка даже в одной цифре может привести к серьезным последствиям. Поэтому главное в нашей работе – не ошибиться.

– Кажется, за тридцать лет можно привыкнуть ко всему.

– Нееееет. Переживания остаются. Наверное, это нормально. Если перестанешь переживать, значит, уже относишься к работе равнодушно.

РАБОТА, КОТОРАЯ НЕ ОТПУСКАЕТ

АНПЗ для Людмилы Владимировны – не только место профессионального становления. Здесь она познакомилась с будущим супругом Сергеем Посохиним. Вместе они воспитали двоих детей. Сегодня дочь живет в Астрахани и работает в медицинской лаборатории, сын уже много лет живет в Санкт-Петербурге и занимается программированием. Они выбрали свой путь, но, как говорит Людмила Владимировна, главное для родителей – видеть, что дети нашли дело по душе.

Сама она в свободное время занимается йогой и считает, что занятия помогают её больной от сидячей работы спине и дают силы после смен. Людмила любит собирать картины в технике пэворк и мозаики из страз. Кропотливое увлечение. Требующее такого же терпения и внимания к деталям, как и работа диспетчера, за годы которой менялись технологии, оборудование, способы передачи информации. Бумажные журналы уступили место цифровым системам, телетайпы – современным программам, но неизменным осталось главное – ответственность человека.

– Меняется всё, – говорит Людмила Посохина. – Меняется завод, меняется сама работа. Но любовь к своему делу остается.

И, наверное, именно поэтому даже спустя три десятилетия она продолжает оставаться тем самым человеком, который первым узнает, что происходит на заводе, и делает всё, чтобы предприятие продолжало работать спокойно и безопасно.

ИТ-ФРОНТ

Серебро первых киберучений

23-24 июля 2026 года в Алматы на базе КазНУ им. Аль-Фараби состоялись первые Республиканские киберучения по защите технологических систем объектов энергетики. Мероприятие, организованное Министерством энергетики РК совместно с Министерством ИИ и цифрового развития, собрало сильнейших специалистов страны. Наш завод в составе сборной команды «CMD 9» достойно представил специалисты по информационной безопасности: Азат Табылдиев, Александр Авдеев, Асхат Рожанов и Акылбек Сугуров. По итогам бескомпромиссной борьбы сборная завоевала почётное 2-е место.

О том, как проходила эта виртуальная битва за безопасность реальных промышленных гигантов, в эксклюзивном интервью нашей газете рассказал специалист по информационной безопасности ТОО «АНПЗ» Азат Табылдиев.

ОТ ЗВУКА КЛАВИШ ДО АДРЕНАЛИНА

Представьте себе: вы садитесь за компьютер, звучит команда «Старт!», и на вас обрушивается шквал невидимых цифровых угроз. Времени – в обрез, задачи – полны неизвестности.

«Первые минуты были очень волнительными, – признается Азат. – Адреналин ощущался сразу. Но как только мы погрузились в анализ первых заданий, волнение сменился полным рабочим настроем. Мы просто переключились и перестали думать обо всем, кроме поиска решений».

Соревнования проходили в формате CTF («Capture The Flag»), максимально приближенном к реальности. Задачей участников было не просто «пощелкать кнопки», а спасти виртуальное промышленное предприятие от спланированных кибератак: вовремя обнаружить проникновение, распутать цепочку действий «хакеров» и не допустить остановки критических систем.

Команда «CMD 9» стала настоящим символом меж-



корпоративного единства. Вместе с представителями АНПЗ в её состав вошли коллеги из АО НК «КазМунай-Газ», «Карачаганак Петролиум Оперейтинг» (КПО), ТОО «KPI Inc.» и NCOC. Разные компании, разные корпоративные культуры – как быстро превратиться в единый механизм?

«Нас объединила одна профессия, – рассказывает Азат Бериккулы. – Мы быстро обсудили сильные стороны каждого и четко распределили роли: кто-то разбирал сетевой трафик, кто-то погрузился в исследование логов, кто-то искал уязвимости и проверял гипотезы. Это и дало максимальный эффект».

Атмосфера в «штабе» киберзащитников менялась каждую минуту. То в комнате повисала звенящая тишина, нарушаемая лишь бешеной дробью по клавиатуре, то начинался бурный мозговой штурм. Не обходилось и без профессионального юмора – за два дня напряженной работы у команды появились свои кодовые фразы и внутренние шутки, помогавшие разрядить обстановку.

Самым сложным, по словам Азата, оказался поиск логических связей в море разрозненных данных. В какой-то момент казалось, что расследование зашло в тупик, а драгоценное время уходит на ложную гипотезу.

«Главное в такие моменты – не паниковать, – говорит Азат. – По одной из самых трудных задач правильное решение пришло буквально в последний момент. Мы просто посмотрели на проблему под другим углом, перераспределили задачи и успели навестать упущен-

ное. Именно ради таких озарений и стоит участвовать в соревнованиях.»

Организаторы киберучений удивили участников высочайшим уровнем реализма. Сценарии практических заданий точно имитировали настоящие атаки, с которыми могут сталкиваться объекты энергетической инфраструктуры.

СЕРЕБРО С ЗОЛОТЫМ ОТБЛЕСКОМ

Когда объявили результаты и команда «CMD 9» поднялась на вторую ступень пьедестала, первыми чувствами были гордость и радость. Занять 2-е место среди лучших умов нефтегазовой и энергетической отрасли Казахстана – это признание высочайшего уровня компетенций наших специалистов.

«Конечно, мы были рады, – говорит Азат. – Но мы – люди, нацеленные на максимальный результат, поэтому в голове сразу пронеслась мысль: «Значит, в следующий раз едем только за первым местом!»

Помимо соревнований, участники прошли интенсивную лекционную программу: изучали нормативные акты, современные технологии криптографии и даже основы квантовой защиты данных. Но главный вывод, который Азат вынес для себя, прост: **самая надежная защита АСУ ТП – это не только дорогие программы, но и обученные, практики-специалисты, умеющие работать в команде.**

Вернувшись в родной Атырау, наши киберзащитники привезли с собой не только кубок и дипломы, но и огромный багаж практического опыта.

«После таких соревнований всегда появляется профессиональный азарт – прийти на рабочее место и еще раз перепроверить наши процессы реагирования, настройки средств защиты, убедиться, что всё работает как часы, – подводит итог Азат Табылдиев. – Ведь мы еще раз убедились: от нашей работы напрямую зависит стабильность и безопасность нашего родного завода».

Поздравляем всю команду «CMD 9» с блестящим результатом! Желаем не останавливаться на достигнутом и ждем новых побед на цифровых площадках!

Мереке күнтізбеде емес, жүректе

Балалар үшін ең қымбат сыйлық – шыннайы көңіл мен қамқорлық. Осыны жақсы түсінетін Атырау мұнай өңдеу зауытының Жас мамандар кеңесі биыл да игі дәстүр сабақтастығын үзбей, «Шаңырақ» балалар үйінің тәрбиеленушілерін қуантатын кезекті қайырымдылық акциясын ұйымдастырды.

Бұл жолы зауыт белсенділері балаларға ерекше демалыс сыйлауды ұйғарған. Жаздың ыстық күнінде «Шаңырақ» балалар үйінің 30-ға жуық тәрбиеленушісі аквапаркке барып, су айдынында көңілді демалыс уақытын өткізіп ұмытылмас әсерге бөленді. Балалардың жол ақысы, кіру билеттері және тамақтануы толықтай ұйымдастырушылардың есебінен өтелді.

Игі бастама үшін зауыт ұжымы арасында 300 мың теңгеден астам қаражат жиналған. Ең маңыздысы – бұл қаржы Атырау МӨЗ-дің Жас мамандар кеңесі мүшелері мен кәсіпорын қызметкерлерінің өз еркімен қосқан жарналарынан құралды.

Жас мамандар кеңесінің төрағасы Ахат Қайыргелдинов бұл сапардың негізгі мақсаты жөй ғана бір күндік демалыс ұйымдастыру емес, балалардың әлеуметтенуіне қолдау көрсету екенін атап өтті:

– Әдетте балалар үйіне көпшілік 1 маусым немесе 1 қыркүйек сияқты мереке күндері барады. Біз керісінше қарапайым күннің өзін мерекеге айналдырғымыз келді. Балалардың көңілін көтеріп қана қоймай, олардың қоғаммен араласып, жаңа адамдармен танысып, уақыт



өткізгенін қаладық. «Шаңырақ» қаладан біршама алыс орналасқандықтан, балалардың әлеуметтік ортаға араласуына мүмкіндік жасау біз үшін маңызды болды, – дейді ол.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, мұндай іс-шаралар балалардың жаңа ортада еркін қарым-қатынас орнатуына, өзін қоғамның толыққанды мүшесі ретінде сезінуіне ықпал етеді.

Атырау мұнай өңдеу зауытының Жас мамандар кеңесі мен «Шаңырақ» балалары арасындағы бұл достық кеше ғана басталған жоқ. Кәсіпорын жастары 2024 жылдан бері аталған мекемемен тұрақты байланыста. Сол жылы зауыт қызметкерлері арасында қайырымдылық квизі ұйымдастырылып, жиналған қаражатқа бес отбасыға материалдық көмек көрсетілді. Сонымен қатар, балалар үйінің ауласына баскетбол шеңбері орнатылып, азық-түлік пен мерекелік бағдарлама ұйымдастырылған болатын.

Бүгінде бұл бастама өндірістік ұжымның жазылмаған дәстүріне айналған. Жас мамандар балалар үйіне жылына бір-екі рет арнайы барып, тәрбиеленушілерге қолдау білдіруді өздерінің азаматтық ері әлеуметтік жауапкершілігі деп санайды.

Қарапайым жазғы күнде балаларға шаттық сыйлаған бұл акция – Атырау МӨЗ ұжымындағы жанашырлық пен өзара қолдаудың жарқын көрінісі. Өндірісте еңбек етіп жүрген жастардың қадамы балалардың жүзіне күлкі үйіріп қана қоймай, олардың жарқын болашаққа деген сенімін нығайта түсері сөзсіз. Мейірімділік жасау үшін ерекше себептің керегі жоқ.

ЖАСТАР

Атырау МӨЗ жастары «OiLeaders» жобасында бақ сынауда

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-да жас мамандарды дамытуға және жаңа буын көшбасшыларын қалыптастыруға бағытталған ауқымды «OiLeaders» жобасы бастау алды. Бұл бағдарлама – жай ғана сайыс емес, бұл – мұнай-газ саласының болашақ кадрлық резервін жасақтайтын, жастарға өзін көрсетуге және өзара тәжірибе алмасуға мүмкіндік беретін үлкен практикалық алаң.

Жобаға компания жүйесінде кемінде 1 жыл еңбек өтілі бар 35 жасқа дейінгі жас мамандар қатысуда. Алғашқы кезеңде қатысушылар жасанды интеллект (AI) мүмкіндіктерін пайдалана отырып, бекітілген 4 тақырыптың біріне арнайы бейнеролик дайындауы тиіс.

Бұл бастамадан Атырау мұнай өңдеу зауытының ұжымы да тыс қалмады. Атырау МӨЗ-ден 18 жас маман өз бейнероликтерін дайындап, бағын сынауда.

«OiLeaders» жобасы бірнеше кезеңнен тұратын күрделі әрі қызықты іріктеуді қамтиды:

IV кезең: Форум қорытындысымен 100 қатысушы біліктілікті арттыру курстарынан өтіп, өз жобаларын қорғайды;

Финал: Барлық кезеңнен сүрінбей өткен ең үздік 20 жас маман «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның алтын кадрлық резервіне енеді.

Жобаға қатысып жатқан Атырау МӨЗ мамандарының әрқайсысы өндіріс пен технологияның байланысын өзінше пайымдайды. Мамандардың идеялары зауыттың бүгінгі тыныс-тіршілігі мен болашақ дамуын анық көрсетеді.

Карина Кинжеева, Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау қызметінің жетекші маманы: «OiLeaders жо-



I кезең: ЖИ арқылы жасалған үздік роликтерді бағалау;

II кезең: Үздік шыққан 300 қатысушы сыни ойлау, эмоционалды интеллект және көшбасшылық қабілеттер бойынша тест тапсырады;

III кезең: Тесттен мүдірмей өткен 200 жас маман арнайы форумға жолдама алады;

басы туралы АМӨЗ Жастар кеңесінің төрағасы Ахат Қайыргелдиновтен естіп, өз бағымды сынап көруге шешім қабылдадым. Мен «ҚМГ құндылықтарын қалай түсінемін және оларды практикада қалай қолданамын» деген тақырыпта бейнеролик дайындадым.

Ролигимде ҚМГ-ның негізгі құндылықтары – қауіпсіздік, жауапкершілік, тиімділік



пен команданың бір-бірімен тығыз байланысты екенін көрсеткім келді. Сондай-ақ, заманауи технологиялар мен жасанды интеллект дамығанымен, ең басты құндылық – әрқашан **АДАМ** болып қала беретінін жеткізім келді. Бұл менің ЖИ-ді қолданып видео жасаудағы алғашқы тәжірибем болды.

Жанел Исабек, Ақпараттық жүйелер жөніндегі маман: «Менің бейнеролигимнің сюжеті өндірістегі тосын жағдайға байла-

нысты жұмыста қалып, қызының маңызды қуанышына үлгермей қала жаздаған МӨЗ инженері туралы баяндайды. Кейін сюжет баламалы шынайылыққа ауысады: мұнда автоматтандырудың арқасында барлық өндірістік процесс жылдам әрі қауіпсіз шешіліп, кейіпкер жұмысын да уақытында бітіреді, қызына берген уәдесінде де тұрады. Автоматизация – бұл ең алдымен қателіктерді азайтып, мамандарға шынымен маңызды міндеттерге көңіл бөлуге мүмкіндік беретін құрал. Күшті компания өз қызметкерлеріне жақындарының қасында болуға мүмкіндік береді. Менің ролигимнің басты идеясы да осы».

Фархат Қабең, Хош иісті көмірсутектер өндірісі, технологиялық қондырғы операторы: «Менің бейнеролигимнің тақырыбы – «Бүгінгі автоматтандыру – компанияның ертеңгі тиімділігі». Мен қазіргі заманғы оператордың жұмысын жаңа қырынан көрсетуге тырыстым. Бүгінгі оператор – тек процесті бақылаушы емес, ол үлкен ақпаратты талдап, жылдам шешім қабылдайтын және өндіріс қауіпсіздігіне жауап беретін маман. Бұл жоба мен үшін кәсіби білімді тереңдетіп, көшбасшылық қабілетімді шыңдауға, сонымен қатар басқа жастардың тәжірибесінен жаңа идеялар үйренуге берілген үлкен мүмкіндік».

Зауытымыздың намысын қорғап, жаңашылдыққа ұмтылған барша Атырау МӨЗ жастарына «OiLeaders» жобасының келесі кезеңдерінде сәттілік тілейміз!